



Бие-Бесоба кенді алаңы (полиметалдар)

Орналасқан жері

Бие-Бесоба кенді алаңы Оңтүстік Қазақстан Балқаш көліне жақын орналасқан. Объектіден 30 км қашықтықта теміржол станциясы салынған. Астана-Алматы автотрассасы алаң шекарасының бойымен, шығысқа қарай 4 км жерде өтеді. Сондай-ақ автотрассаның бойымен ЭБЖ тартылған.

Бағалы компоненттері

Кенді алаң шегінде бірнеше кен орны және кен көріністері байқалады. Бағалы компоненттері: мыс, күміс, қорғасын, мырыш, қалайы.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт

Қазіргі уақытта геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге арналған мерзімі 6 жылдық келісімшарт жасалған.

Жазылу бонусы төленген. Жұмыс бағдарламасы 2 жылдың ішінде толық көлемде орындалады. Геологиялық телімнің ауданы 1 374 км² құрайды.

Инвестициялардың нысаналы мақсаты

Бие-Бесоба кенді алаңында жобаны дамыту үшін бірлескен кәсіпорын бойынша әлеуетті серіктестік іздестіру.

Бие-Бесоба алаңын шолу

Бұрын жабылған Сары-Шаған жабық әскери полигонында кендену объектілері мен минералданған жерлердің көп мөлшерде анықталуы, өткен жылдар материалдарының қайта бағалануы және "Два Кей" ЖШС күшімен іздестіру-бағалау жұмыстарының жүргізілуі 9 әлеуетті кенді аймақтарды бөліп шығаруға мүмкіндік берді: Кіші Шақшағайлы (Sn, Pb, Zn, Bi, Cu, W, Mo), Ортажартас (Cu), Балатеңіз (Cu), Аяқжартас (Sn, Pb, Zn), Бие (Sn), Қорғасынды (Sn, Pb, Zn, Bi, Cu), Үйсембай (TR, Pb, Bi, W), Қараүңгір (Fe), Шақшағайлы (Fe).

Бұл ретте Ортажартас және Балатеңіз учаскелерінде ірі мыс-порфий құрылымы табылуы мүмкін.



Тау-кен өнеркәсібін дамыту үшін кен орнының темір жолға, Алматы-Астана автотрассасына, электр беру желілеріне, жазық бедерге жақын болуы, жақын жерде ірі су алқабы - Балқаш өзенінің орналасуы аса қолайлы болып табылады.

Бие-Бесоба алаңының жекелеген учаскелерінің географиялық және геологиялық ерекшеліктерінің алуан түрлі және тартымды болғаны соншалық, геологиялық туризмді дамыту орнына айналдыруға болады.

Пайдалы қазбалардың кен орындары және кенашылымдары

Бие кен орны. Бие учаскесінде С1-С2 бойынша 15 мың тонна қорлары бар қалайы кен орны орналасқан, олар 3D ортада заманауи құралдармен модельдеу арқылы расталды. Бақылау үшін бұрғылау кезінде алдыңғы бұрғылаудың сайланбалы үгілуден бастап жынысөзектің аз шығысына дейін барлық туындайтын салдарымен бірге уақтау әдісімен жүргізілуіне байланысты қорлардың 25% дейін көбеюі күтілуде. Дәл осы учаскеде 2017 жүргізілген жұмыстар арқылы кейбір сынамаларда мөлшері 15% дейінгі мырыш бойынша геохимиялық аномалия бөліп шығарылған. Аномалия мөлшері 200*200 метрге дейін деп бағаланады және куәландыру жұмыстарының жүргізілуін талап етеді.

Аяқжартас кен орны Каиб гранит қабатының солтүстік-шығыс экзотүйіспесінде алевролиттер мен қашағантеңіз кен қабаттары құмдақтары қабаттарымен кезектесіп орналасқан. Таужыныстар солтүстік-батысқа қарай созылған және оңтүстік-батысқа 50-75° бұрышпен түседі. Бұл жерде қызылрай кешенінің граниттер қырларының топтамасы байқалады. Олар бір біріне параллель орналасқан, олардың шығу ені - 0,5-30 м, ұзақтығы - 50 м бастап 4 км дейін; олармен кеністікте қалайы-кенті минералдану байланысқан.

Өлшемі 1,5x2,5 км кенті белдемде солтүстік-шығысқа (ендікке жақын) созылған кварц-сульфид және кварц-карбонат желілері тобы бар. Барлығы учаскеде қалыңдығы өзгертін және кенті минералдануы әртүрлі, ұзақтығы 60 м бастап 930 м дейінгі 29 қалайылы желі бөліп шығарылған.

Қарауңгір кен орны қалайы-полиметалл шор тас типіне жатады. Құрамында қалайының анықтау үшін шор тастар граниттер ығылмаларының арасында 500 м бойы кенті алаңның батыс жолағында ғана зерттелді.

Мыс-кен объектілері.

Ортажартас учаскесінде жанама белгілер бойынша ірі көмілген мыс-порфир құрылымы табылуы мүмкін. Оны табылуының алғышарттары:

- Ежелгі тау қазындыларының болуы;
- Геохимиялық аймақтылығы.
- Қайталама кварциттердің болуы.

Балатеңіз учаскесінде ірі мыс-порфир құрылымы табылуы мүмкін. Оның табылуының алғышарттары:

- Ежелгі тау қазындыларының болуы;



- Геохимиялық аймақтылығы;
- Құрамындағы мыстың мөлшері 0,8% бастап 19% дейін, күміс 56 гр/тн дейін, молибдені бар мыс минералдануының ауқымды шығыстары. Кен түзуші компоненттер құрамы бойынша шығысқа қарай 150 км қашықтықта орналасқан Коунрад кен орнына ұқсас.

Желілі Мыс-көнді білінісі: Анартастың ұсақ сеппелері сирек кездесетін қарқынды эпидотизация учаскелерінде мөлшері 10-40x1-3 м құрайтын бай сеппелі мыс минералдануы линзалары бар. Мыстың мөлшері 0,1-1,26%, қорғасындікі 0,1-0,3%, молибдендікі 0,038% дейін, күміс 5 г/т дейін.

Төменгі сортаң білінісі: Екі солтүстік-батыс кварц-карбонат желісі табылды, біреуі үлкен карьермен аршылған, оның үйінділерінде малахиттің, халькопириттің және борниттің бай штруфтары бар. Солтүстікке қарай галениті бар кварц-барит өзектері байқалады. Құрамындағы мыстың мөлшері 0,3-2%, қорғасын және мырыш 0,2% дейін, алтын 0,1-0,3г/т. Жалпы мысты учаскенің өлшемі 1,5x1 км құрайды.



Қорлар және ресурстар

Қорлар мен ресурстар бойынша шолу кестесі:

	Cu, мың т	Sn, мың т	Zn, мың т	Bi, мың т	Pb, мың т	W, мың т	Mo, мың т	Флюорит, т
A+B+C ₁		0,13						
C ₂		16,57	42,3		7,2			
P ₁	175	44,84	72,7	2,65	12,8	0,39		5,25
P ₂	25	62,6		14		9,4	8,5	
P ₃	1 600	2,4						
Жиыны:	2 025	126,54	115	16,65	20	9,79	8,5	5,25

Байланыс деректері:

Каменский Николай Геннадьевич

*«Два Кей» ЖШС
Бас директоры*

Ұялы тел. +7 777 910 22 83
E-mail: nik.kamenskiy@2k.kz

Сайдуакасов Мурат Ашметович

*«Два Кей»
ЖШС кеңесшісі*

Ұялы тел. +7 701 538 96
88 E-mail: murat@2k.kz

«Два Кей» ЖШС

Алматы қ., Қазақстан
Республикасы, Тілендиев көш.,
258 «В»

Тел. +7 /727/ 376 62 60
E-mail: info@2k.kz